

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 2 (2021)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/GSYO5936>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жумагаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Абибулаева А. Б.	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Россия)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., профессор (Белоруссия)</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Донцов А. С.,	<i>доктор PhD</i>
Шокубаева З. Ж.,	<i>технический редактор</i>

МАЗМҰНЫ

**ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ**

Абаева Н. Ф., Мустафина Л. М., Абаев Р., Мустафина Б. М. Математикадан білім сапасын арттырудағы кәсіби бағдарлаудың рөлі	9
Сарыбаева Д. Ж. Сөйлеу дағдысын дамыту құралы ретіндегі тыңдалым	20
Уразбай К. Р., Ниязова А. Е. Шетел тілі практикалық сабағындағы аутенттік бейне материалдар	30
Абдиева Ш. А., Қызырбек М. А., Акшолокова А. М. Электр тізбектерін компьютерлік модельдеу – қазіргі білім беру процесінің құрамдас бөлігі	37
Анесова А. Ж. Болашақ педагог маманның басқарушылық қабілетін қалыптастыру мәселесінің генезисі	48
Аубакирова С. С., Жумабекова Г. А., Артыкбаева Г. Т., Искакова З. С., Жаябаева Р. Г. Кәсіпкерлік білім берудің дамуы мен рөлі	61
Ашуров А. Е., Калманова Д. М. «Ғарыштық техника және технологиялары» мамандығы бойынша қашықтықты оқытудың ерекшеліктері мен проблемалары	77
Аязбаева С. С., Есекешова М. Д. Шетел тілі арқылы білім беруде мәдениетаралық қарым-қатынастың дамуы	89
Нургалиева С. А., Сайлыбаев Б. А., Ерназарова Г. Ш., Койшибаев М. Н., Байболова Д. Т. Математикалық модельдеу білім беру мекемелерінде STEM-тәсілді іске асыру бойынша оқыту стратегиясы ретінде	98
Ризаходжаева Г. А., Оңғарбек А. А. Пікірталас – шетел тіліндегі білім білімділігінің дағдырларын дамытудың тиімді әдісі ретінде	109
Туймебекова А. Т., Габдуллина А. Т. Виртуалды әлемді білім беруде қолданудың тиімділігі	119
Шукурбаева А. К. Химия сабақтарында оқытудың жаңа тәсілдері	130

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ**Мордвинцева И. Ю., Санай Г. Е., Бекембетова Л. И.**Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың
психоәлеуметтік мәселелері..... 138**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҮДЕРІСТЕГІ ИДЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ****Жұмағұлова Г. Ш., Мунашова Д. Б.,****Садирмекова Ж. Б., Мамбеталиев Т. М.**Оқу-тәрбие процесінің оқушылардың әлеуметтік
және азаматтық белсенділігін қалыптастыру бойынша
жетілдірудің педагогикалық факторлары 149**Жәнібекова Г. О., Тусеев М. У., Есмұратова У. А., Колдас Г. Б.**Оқушыларды азаматтық және патриоттық тәрбиелеудің
психологиялық-педагогикалық негіздері: жаңа тәсілдер 157**Кульшарипова З. К., Бисембаева Н. А., Мажит С. М.**Педагогикалық басқару әлеуметтік мектепте
білім беру үрдісін басқару..... 165**Оспанова Б. Б., Тулекова Г. М.**

Педагогикалық үдерістегі қарым-қатынас түрлерінің мазмұны 180

Желдибаева Р. С., Сапарғалиева А. Ж.Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзіреттілігін
дамытудың өзекті мәселелері..... 192

Авторлар туралы ақпарат 202

Авторларға арналған ережелер..... 216

Жарияланым этикасы..... 229

СОДЕРЖАНИЕ**СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И МЕТОДИКИ ОБУЧЕНИЯ****Абаева Н. Ф., Мустафина Л. М., Абаев Р., Мустафина Б. М.**Роль профессиональной ориентации
в повышении качества знаний по математике 9**Сарыбаева Д. Ж.**

Аудирование как средство развития речевых навыков..... 20

Уразбай К. Р., Ниязова А. Е.Аутентичные видеоматериалы на практических уроках
английского языка..... 30**Абдиева Ш. А., Қызырбек М. А., Акшолова А. М.**Компьютерное моделирование электрических цепей –
составная часть современного образовательного процесса 37**Анесова А. Ж.**Генезис проблемы формирования
управленческих способностей будущим учителем 48**Аубакирова С. С., Жумабекова Г. А., Артыкбаева Г. Т.,****Искакова З. С., Жаябаева Р. Г.**
Развитие и роль предпринимательского образования..... 61**Ашуров А. Е., Калманова Д. М.**Особенности и проблемы дистанционного обучения
по специальности «Космическая техника и технологии» 77**Аязбаева С. С., Есекешова М. Д.**Развитие межкультурной коммуникации
в образовании через иностранный язык..... 89**Нурғалиева С. А., Сайлыбаев Б. А., Ерназарова Г. Ш.,****Койшибаев М. Н., Байболова Д. Т.**
Математическое моделирование как стратегия обучения по
реализации STEM-подхода в образовательных учреждениях 98**Ризаходжаева Г. А., Онгарбек А. А.**Учебная дискуссия – средство формирования
коммуникативной компетенции 109**Туймебекова А. Т., Габдуллина А. Т.**

Эффективность применения виртуального мира в образовании . 119

Шукурбаева А. К.

Новые подходы к обучению на уроках химии..... 130

<https://doi.org/10.48081/PLPW8062>

***А. Ж. Анесова**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАННЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ГЕНЕЗИСІ

Берілген мақалада Қазақстан Республикасының білім беру кеңістігіне белсенді түрде енуі педагог мамандардың даярлығын қайта қарастырудың басты міндеттерінің бірі бола тұрып, білім беру бағыттарының бағдарлауды, ұйымдастыруды, педагогикалық үдерісті реттеуді және бақылауды қамтамасыз етуші басқару іс-әрекетімен ұштасуына алып келеді. Бұл қазіргі таңда педагогикалық іс-әрекет аясында, мектеп қабырғасындағы жүйелілік, мақсаттылық, икемділік және нәтижелілікті қамтамасыз етуші басқару ең қажетті құрал болуымен шартталған. Студенттік ортадағы лидерлікті дамыту мәселелерімен айналысушы отандық және ресейлік ғалымдар сәйкес қабілеттерді тек сабақтан тыс уақытта емес, түрлі пәндер аясында да дамытуға болатындығын айтады. Ол үшін бұл мүмкіндіктерге педагог мамандар өздері ие болулары қажет, себебі басқарушылық қабілеті бар педагогтар, өз кезегінде белгілі деңгейде «идеал», «эталон» болады, білім алушылар іс-әрекетін ұйымдастыруға қабілетті болады. Басқарушылық қабілеттерді қалыптастыру мәселесінің өзектілігін айқындау үшін, болашақ педагог мамандардың бар басқарушылық қабілеттер классификациясын қарастыру қажет. Сонымен қатар атап өтер жайт педагог басқарушы маманның басқарушылық қабілеттерінің бірігей классификация жоқ екендігі. Лидерлік сапалардың классификациясы мен сипаттамалары берілген, лидерлік қабілеттерді тиімді қалыптастырудың педагогикалық шарттары көрсетілген.

Кілтті сөздер: болашақ педагог, педагогикалық қызмет, басқару қабілеті, менеджмент, үдеріс.

Кіріспе

Педагог мамандардың басқарушылық қабілетін қалыптастыру үдерісін зерттеу мәселесі басқару ғылымының тарихына жүгінуді қажет етеді. Басқаруға деген ғылыми амал осы құбылысқа назар аудартты, сонымен қатар педагогика және психология ғылымы тарапынан да. Менеджмент ғылымының дербес ғылым ретінде қарастырған алғашқы ғалымдар деп Ф. У. Тейлор және А. Файолді атауға болады. Ф. У. Тейлор менеджментті ғылым ретінде қарастырып, оның негізіне іс-әрекетті жоспарлау бөлімін оның орындалуынан бөліп тұрушы заңдар, ережелер және принциптер кіреді деп пайымдаған [1]. Өнеркәсіпті басқару мәселесіне, басқарушы әдістеріне, оның жұмыс істеу стиліне Ф. У. Тейлор аса назар бөлген. Ол Ғылыми басқару теориясының бастауы болған қорытындыны қалыптастырған: басқару бойынша жұмыс – бұл бегілі бір мамандық, және мекеме әрбір қызметкер өзіндік жұмысын тиімді орындау кезінде табысқа жетеді [1, 45 б]. Ф. У. Тейлор адамды және затты басқару үдерісін талдауға бірегей амал қолдануды жөн көрген.

Ф. У. Тейлормен бірге А. Файоль өз кезегінде өзіндік тұжырымдама ұсынған. Ол басқаруды үдеріспен және бірқатар қызметтер орындалуымен байланыстырған: алдын ала сезе білу, ұйымдастыру, реттеу, бақылау сияқты. А. Файоль тұлғаның төмендегідей басқару қабілеттерін ерекшелейді: құзыреттілік және тұлғааралық өзараәрекеттестік тәжірибесін иемдену. Ғалым пікірінше, жақсы басқарушы өзіне жауапкершілікті алу күшіне ие болу керек және оған өз ізбасарларын сендіре білу керек [2]. Оның ойынша басқарушылық қабілетті жаттықтыру арқылы дамытуға болады.

Атап өтер жайт, педагог мамандығы үнемі тұлғаның басқарушылық қабілетінің көрінуін талап етеді. Дегенмен бұл білім беру аясында басқарушы мамандығын ерекшелеуге кедергі келтірмейді. Біздің зерттеуіміздің пәні, атап өткендей педагог маманның басқарушылық қабілетін қалыптастыру болып табылады.

Зерттеудің нысаны: болашақ педагогтарды дайындайтын жоғары оқу орындарындағы басқаруды қалыптастыру.

Зерттеудің пәні: басқарушылық қабілетін қалыптастыру мәселесінің генезисі

Мақсаты: болашақ педагог маманның басқарушылық қабілетін қалыптастыру мәселесінің генезисін анықтау.

Міндеттері:

- болашақ педагогтардың басқарушылық қабілетін қалыптастыруын қамтамасыз ететін білім мазмұнын әзірлеу;
- басқарушылық қабілетін қалыптастыру мәселесінің генезисін сұрыптау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Басқару ұғымының ең алғашқы теоретиктері ежелгі философтар болды деп айтсақ қателеспеспіз. Платон пайымдауынша, адамды басқара білу «өте күрделі және еңбекпен қолжеткізуші білік», және ол үнемі философтар назарында болған. Басқару – практикалық іс-әрекет тұрғысынан, бір көзге грек философтарын аса қызықтырмауы қажет. Дегенмен басқару тек әрекеттер жиынтығы ғана емес, бірқатар білімдер жиынтығы. Дәл осы тұста әлеуметтік-философиялық позициядан қоғамның тұтас өмір сүруіне қатысты жүйе құрушы рөлі түсінікті бола түсті. Бернард Мандевиль, пікірінше «әрбір қоғам мүшесі белгілі тұтас қоғамға бағынушы» адамдар қоғамын құру мүмкіндігі тек басқаруға қатысты орын алады.

Философия тарихына үнілсек төмендегідей ойлардың куәгері боламыз: а) басқару мәселелерінің терең мәні өзгеріссіз, тек басқару мәселесінің шешудің тарихи белгілі формалары өзгереді; б) басқару туралы ғылым қалыптасуына дейін, философиялық ой осыған дейінгі басқарушылық тәжірибесін теориялық негізін құрды; в) көптеген философтар мемлекет, қоғам басқару күйін тіркеп қана қоймай, оны басқарудың ең үздік формаларын іздестіреді; г) менеджмент практикасы мен жеке ғылыми зерттеулерді қолданудың әдіснамасы мен білімі жайында философиялық тұжырымдар бүгінгі күнге дейін өзекті. Егер аталған ойларды жинақтасақ, ізденістердің екі бағытын айқындаймыз: кім басқару керек және қалай басқару керек.

Педагогикалық-психологиялық және тарихи-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде, біз төмендегідей педагог мамандардың басқарушылық қабілетін қалыптастырудың мазмұны мен мәнін ашатын тарихи деңгейлерді атап өтуді жөн көрдік. 1 – Революцияға дейінгі деңгей (1811 ж. – 1917 ж.). Революцияға дейінгі кезеңде Ресейде білім беру мекемелерінің саны артуына байланысты педагогтармен жүйелі негіздегі білім мен тәрбиені ұйымдастыру бойынша педагогикалық іс-әрекет тиімділігі үшін басқарушылық қабілетті қолдану және дамыту қажеттігі туындады. XIX ғ. соңында П. Ф Каперев жұмыстары жарық көрді. Ол педагог тұлғасының сапаларына және жалпы адами қасиеттеріне аса назар бөлген. П. Ф. Каптерев атап өткендей: «Мұғалім тұлғасы оқыту жағдайында бірінші орынға ие» [3]. Оның пікірінше, педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігінің басты факторы төмендегідей педагогтың «тұлғалық сапалары»: барлығын бірігей қабылдай білу, сезімталдық, адалдық, төзімділік, шыдамдылық, қоршағандарға деген мейірімділік.

2 – Идеологиялық деңгей. (1918 – XX ғасырдың 50 жылдары). Бұл кезеңге сәйкес ескі мектептер орнын жаңа мектептерге алмастыру

өзекті болды, ол мектептер пролетарлы мемлекет қызығушылықтарын қанағаттандыру керек еді. XX ғасырдың 20 жылдары жоғары білікті басқарушы мамандар даярлау өзекті болды. XX ғасырдың 30 жылдары администрациялық – бюрократиялық басқару стилі басымдылық танытты, идеологиялық қыспақ орын алды, содан соң педагогтың басқарушылық іс-әрекеті өз дербестігін жоғалтып және жоғары лауазымда отырған адамдар талаптарын қанағаттандырушыға айналды.

Кенес педагогикасында лидерлік мәселесіне назар бөлген А. С. Макаренко болды. Оның пікірінше, толыққанды тұлға қалыптастыру негізі ұжымдық тәрбие беру болып табылады. А. С. Макаренко педагогикалық көзқарастар жүйесінде бірінші орынға тәрбиеленушілердің өзіндік басқару мәселесі шығады. «Өзін – өзі басқару ең тиімді тәрбие құралы болуы мүмкін», – деп жазған [4]. А. С. Макаренко пікірінше, ұжым және әрбір тәрбиеленуші өзіндік басқару арқылы төмендегідей тұлғаның басқарушылық қабілетін қалыптастырады: тәртіпке бағыну, сергектік, өмірге деген күштарлық, табандылық, ұйымдастырушылық, төзімділік, өзіндік күшіне сенім, мақсаттылық, шыдамдылық.

Басқарушыларды дайындауға маңызды орын Н. К. Крупская берген. Ол лидерлікті қалыптастыру мәселесін пионерлік мекемелер аясында қарастырған. Н. К. Крупская және А. С. Макаренко ұйымдастырылған басқарушылық іс-әрекетті игеру маңыздылығын атап өткен. Басты назарды білім алушылар іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқару біліктіліктерінің маңыздылығына бөлген: XX ғасырдың 50 жылдары Н. К. Крупскаяның «Мектептегі өзіндік басқару және еңбекті ұйымдастыру» деген атпен мақаласы жарық көреді. Онда автор өзіндік басқарудың маңызды қызметін ерекшелейді – білім алушылар бойындағы ұйымдастырушылық, басқарушылық біліктіліктерді дамыту, яғни басқару біліктіліктері, ұжымды басқару. Ғалым бұл біліктіліктерді төмендегідей әдістер арқылы дамытуға болады деп пайымдаған – ойын, практикалық сабақтар, еңбек мектебінің формалары, өзіндік басқару [5].

3 – деңгей дамудың тоқтап қалуымен байланысты, ол кезеңде партия элитасы мен әлеуметтік жабық құрылым құрылуымен байланысты. Барлық деңгейдегі басқарушылар тек партия аясында дайындалды.

А. Г. Кирпичева өз диссертациялық жұмысында кеңес дәуірінде ЖОО орнының комсомолдық ұйымдары сол кезде педагог мамандарды басқарушылық іс-әрекетке даярлағандығын көрсеткен. Ол педагог маманның басқарушылық қабілетін қалыптастырудың негізгі құралы студенттердің өзіндік басқарушылығы деп айтқан [6]. 60 жылдары білім беру аясында,

балалар қоғамдық ұйымдар іс-әрекетінде бұл идеологиялық және тәрбие жұмыстарды күшейтуде көрініс тапты.

XX ғасырдың 60 жылдары өзіндік басқару мәселесі Н. М. Изосимов, В. М. Коротов, П. Т. Фроловпен зерттелген. Н. М. Изосимов өзіндік басқаруды педагог және білім алушылардың ұйымдастырушылық және басқарушылық тұлға қабілеттерін дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырған. В. М. Коротов атап өткендей, өзіндік басқару қоғамдық жұмысқа өз белсенділігін беруші ұйымдастырушылар, басқарушыларды тәрбиелеу негізі. Педагогтар міндеті – осындай адамдарды тәрбиелеу. Ал педагог сол себепті де өзі осы талаптарға сай тұлға болуы қажет. Мұнда В. М. Коротов лидер тұлғасын даярлауды меңзеп тұр [7]. Біз аталған ғалымдармен келісе отырып, өзіндік басқарудың тәрбиелік мәні зор екендігін атап өтеміз, өйткені тәрбиеленушілер өз ұжымында ұйымдастырушылар бола тұрып, әлеуметтік өмірге бейімделуге қажетті бірқатар басқарушылық қабілеттерге ие болады. Бұл қабілеттерді толықтай қалыптастыруға басқарушылық сапаларға ие педагог. Ғалымдар жұмыстарында жалпы (тек лидерлер емес, лидер болуға ұмтылушылар да) және арнайы (лидерлік талант ерекше түстері) басқарушылық қабілеттер.

4 – Қазіргі кезең (XX ғасырдың 80 жылдарының ортасынан – бүгінгі күнге дейін). Ресейде XX ғасырдың 90 жылдары педагогикалық мамандықтарға аса назар бөлінді, зерттеуші ретінде де, студенттік ортадағы лидерлікті дамыту ретінде де. Педагогикалық білім беру мекемелерінде студенттер бойында лидерлік сапаларды дамыту бойынша тренингтер, бағдарламалар қолданылды.

Білім беру үдерісінде оқытушылар мен білім алушылар арасында субъект – субъектілі қатынастар дамыды, ол тұста педагог және білім алушылар арасында өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық орын алды. Педагог іс-әрекеті басқарушылық сипатта болды. Бүгінгі күн педагогы әдіскер, диагност, басқарушы қызметін атқарады. Ол өз әрекетін және білім алушылар іс-әрекетін басқара алады. Л. А. Ломова өз зерттеуінде болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби маңызды лидерлік қабілеттерін қалыптастыруды қарастырған. Автор лидердің төмендегідей қабілеттерін ерекшелейді: жоғары деңгейдегі кәсібилік, өз мамандығына деген сүйіспеншілік, жауапкершілік, өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, тәуекелге бара білу және т.б. [8].

Қазақстанда басқару ұғымна қатысты практикалық маңыздылыққа ие жұмыс 1990 жылы жарық көрген «Мектеп директоры басқарушылық іс-әрекетін жетілдіру» атты К. Д. Каракуловтың әдістемелік нұсқаулығы,

оның аясында қоғам демократизациялау жағдайында жалпы білім беру мектептеріндегі басқаруды жетілдіру мәселелері қарастырылған [9].

Адами ресурстарды басқарумен байланысты, бастауыш мектеп өзекті мәселелерінің шешімінің бірі, шағын жинақты оқыту процесін басқаруға педагог даярлығын қалыптастырудың жүйесін құру сынды мәселені өз диссертациялық жұмысында Г. З. Әділгазинов қарастырған. Аталған ғылыми-зерттеу жұмысында шағын жинақты мектептерді оқыту процессінің қызмет етуінің педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері айқындалған, және де автор осы мектептерді басқаруға мұғалім даярлығы мәнін ашып көрсеткен. Зерттеушімен аталған даярлық деңгейі, белгілері, критерийлері негізделіп, қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалған [10].

Басқару функциялары іс-әрекет мазмұнын түсіну үшін негіз ретінде төмендегідей қазақстан ғалымдарының еңбектерінде қарастырылған. Б. А. Абилова, К. К. Найманбаева, Л. У. Султанбаева сынды ғалымдар басқаруды шешім қабылдау, жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация, мақсатқа сәйкес объектіні бақылау, реттеу және жаңа шешімдер мен нақты ақпарат негізінде қорытынды шығаруға бағытталған іс-әрекет ретінде түсінеді [11]. Ж. Б. Умирбекова өз зерттеуінде «басқару» ұғымына төмендегідей анықтама береді – мекеме мақсатына қол жеткізуге және түрткі беруді, жоспарлауды, ұйымдастыруды, орындау, бақылау және реттеуді қалыптастыруға мүмкіндік беретін жүйелі процесс [12].

Егер басқару нәтижеге бағыттылған іс-әрекет ретінде қарастырылса, онда білім беру үдерісі қатысушыларының іс-әрекетінің субъектілі тәжірибесіне назар бөлінбейді. Егер басқару өзара әрекеттестік тұрғысында қаралса, өзара әрекеттестік объектілерінің рөлі елеусіз, өзара әрекеттестік тарапынан өзара әсерді шарттаушы жеке мотивтер мен қажеттіліктер ескеріледі. Егер басқару өзара әрекеттестік ретінде қарастырылса, субъектілермен барлық педагогикалық процесс қатысушылары қарастырылады, жүйе күші интеграцияланады [13].

«Басқару» терминін осы тұрғыда пайымдау В. Я. Назмутдинов, И. Ф. Яруллин шығарған монография қорытындыларымен сәйкес: «Управленческая деятельность и менеджмент в системе образования личности» [14]. Аталған ғалымдар «басқару» ұғымы үш позицияда қарастырылатындығын көрсеткен: 1. Й. Кхол, В. С. Лазарев, Л. И. Суворов, сынды ғалымдар тарапынан, басқару – іс-әрекет тұрғысында, оның мәні басқару әлеуметтік іс-әрекет түрінің бірі ретінде, заттық нәтижеге жетуді мақсат етіп қояды. 2. В. Г. Афанасьев, Л. Б. Ительсон, О. В. Козлова тарапынан, бір жүйенің екінші жүйеге әсері, бір адамның келесі адамға немесе топқа әсері ретінде қарастырылған, оның мәні басқарушы

объектіні өзгерту, яғни белгілі бір өзекті күйлерге ие объект бар деген сөз. 3. А. Т. Абрамов, П. И. Третьяков, Д. В. Юдин – субъектілердің өзара әрекеттестігі – бұл негізде өзгерістер тек өзара байланысты емес, сонымен өзара шартталған негізде болады. Біз өзіндік тарапымыздан басқаруды соңғы бөлімге сәйкес танымыз.

XXI ғасыр бастапқы кезінде білім берудегі менеджерлерді даярлау үдерісін зерттеу бойынша жұмыстар көріне бастады. К. В. Локшиннің зерттеу пәні арнайы пәндерді оқытуда дене мәдениеті болашақ менеджерінің басқарушылық даярлығын қалыптастыру болып табылды. Өз жұмысында К. В. Локшин маманның басқарушылық даярлығын оның ішкі қор жүйесі ретінде қарастырған, оның ішкі қоры кәсіби іс-әрекет үдерісінде адамдарды тиімді басқаруды ұйымдастыру үшін қажет. Ол басқарушылық даярлықтың келесідей құрылымдық компоненттерін ерекшелейді: гносеологиялық (белгілі бір білім деңгейіне дейін дамыту: дене мәдениеті менеджері бейімделген өзіндік тәрбие амалдары мен әдістерін білу; адам іс-әрекетін өзіндік басқару мен өзіндік ұйымдастыру туралы білу; дене мәдениеті және спорты аясында басқарушылық іс-әрекет негіздерін білі), праксиологиялық (кәсіби іс-әрекет біліктіліктері мен дағдылары: гностикалық біліктіліктер, жобалық біліктіліктер, құрылымдық біліктіліктер, коммуникациялық біліктіліктер, ұйымдастырушылық біліктіліктер, рефлексивті біліктіліктер), аксиологиялық (құндылықты қатынастар, оқу және кәсіби іс-әрекет мотивтері, ішкі дайындық, тұлғаның кәсіби маңызды сапалары) [14].

Біздің ойымызша, болашақ педагог маманның өзіндік орнын табуда маңызды рөлге ие оның мотивациясы. Жетістікке жету мотивтерінің басым болуы мақсаттылықты, өз-өзіне сенімділікті, табандылықты дамытады. Мұндай педагогтар барлық кедергілерді жойып, тез керекті шешім қабылдай алар еді.

Г. Л. Ильин басқарушы педагог маман тұлғасына әлеуметтік-психологиялық талаптарды ерекшелейді: 1) өзіндік беру пәнін түсіне алуы, кәсіби құзыреттілігі; 2) адамдарды түсіне алуы, олардың мақсат – міндеттерін, қажеттіліктерін түсіну – әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік; 3) өзін білім алушы көзімен көре білу, оның пікірімен өзіндік әрекеттерге баға беру; 4) бірлескен іс-әрекет міндеттері мен мақсаттарын жоспарлай білу, білім алушылар міндеттері мен мақсаттарын ескере білу, ұйымдастырушылық құзыреттілік; 5) өзіндік педагогикалық мүмкіндіктерімен, жеке тартымдылығымен, өз құқықтарымен қолдану арқылы өзгелерге әсер ете білу, басқарушы беделі [14, б. 112].

Осыған дейінгі талдау негізінде төмендегідей қорытындыға келдік, болашақ маманның басқарушылық қабілеті ғылыми-педагогикалық

әдебиеттерде аз жарық көрген, оның себебі біздің ойымызша, жеткіліксіз теориялық және практикалық өңделуі.

Педагогтарды кәсіби даярлық қоғам талабын, жұмыс берушілер талабын қанағаттандырмайды. Жас мамандар тұлға және қоғам алдындағы мәселелерді шешуге жеткіліксіз деңгейде даяр.

Қоғам ЖОО-нда білім алушы кәсіби даярлық болашақ басқарушы – педагогтың басқарушылық қабілетін қалыптастыруға бағытталуына қызығушылық танытады. Ғылыми ізденіс нәтижесін шарттайтын концептуалды негіз ретінде біз жүйелік, тұлғалық – іс-әрекеттік, аксиологиялық амалдарды алдық, оларды біріктіріп қолдану басқарушылық қабілетті қалыптастырушы тиімді фактор. Жүйелі амал қазіргі педагог маманның құндылығы ретінде басқарушылық қабілеттер қалыптастырудың дәстүрлі және инновациялық диалектикасын реттеуге мүмкіндік береді. Жүйелі амалға сүйене отырып осыған дейін зерттелінбеген жаңа педагогикалық фактілер белгіленген және қарастырылған: болашақ педагог маманның басқарушылық қабілеттері, басқарушылық қабілеттерді іске асыруға педагог маманның даярлығы, жүйелі сипаттағы кәсіби білім беру интеграциясын құру арқылы болашақ педагог маманның басқарушылық қабілетін қалыптастыру (кәсіби бағдар, кәсіби құзыреттілік, кәсіби маңызды басқарушылық қабілеттер). Қалыптастыру үдерісі педагогтың басқарушылық қабілетін қалыптастыру факторлары және психологиялық-педагогикалық шарттары, мазмұны, мақсаттар жүйесі.

Тұлғалық – іс-әрекеттік амал. Басқарушылық қабілетті көрсету арқылы болашақ педагог кәсіби іс-әрекет субъекті болып табылады. Болашақ педагог маманның басқарушылық қабілетті іске асыруға даярлығы бұл интегративті білім беру, ол тұлғалық (өз-өзіне деген сенімділік, белсенділік, бастамашылдық, мақсаттылық, шығармашылық, жауапкершілік, комуникабельділік, табандылық) және іс-әрекеттік (педагогикалық іс-әрекетте, оқу іс-әрекетінде жетістікке жету мотивациясы, болашақ мамандығына деген құндылықты бағдар, ұйымдастырушылық мүмкіндіктер, өзін-өзі іске асыру мүмкіндігі, өзіндік дамыту мүмкіндігі) деңгейде оның кәсіби қызметіне және өзін-өзі жетілдіруіне септігін тигізеді.

Қорытынды

Тұлғалық – іс-әрекеттік амал педагогтың басқарушылық қабілеттерін тұлға өзі өзіндік кәсіби өсу субъекті бола алатын жаңа үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Аксиологиялық амал. Ол педагогтың басқарушылық қабілеті үдерісін педагогикалық іс-әрекет барысында осы қабілеттер көрінуіне тұлғаның құндылықты – мәндік қатынас детерминациясы арқылы талдауға мүмкіндік

беріп, құндылықты, өзіндік ұйымдастырушылық, іске асыру үшін кәсіби құзыреттіліктер мен мүмкіндіктерді, кәсіби құрылымдағы маңызды үдерістерді қалыптастырады. Басқарушылық қабілеттер қалыптасу үдерісінде кәсіби іс-әрекетте қолданылатын міндеттер мен мақсаттарды қабылдау қамтамасыз етіліп, жеке мотивтер мен ұстанымдардың жүйесіне қатынасы, құндылықтар ретінде болашақ мамандардың басқарушылық қабілеттерінің дамуы мен бекітілуі, өзін кәсіби маман ретінде сезінуі, кәсіби құзыреттілігін және педагогикалық шеберлігін дамытушы біліктіліктердің дамуы орын алады.

Болашақ педагог мамандардың тұлғалық сапаларын талдай келе, олар болашақ ұрпақ тәрбиелеуші мамандар екенін ескеру қажет. Қазіргі таңда қоғам талабы мамандардан үнемі өзіндік басқару, білімін жетілдіру, өзіндік жетілу, дербес жауапкершілікті шешімдер қабылдау, өзге адамдарды басқару, екі жақты дұрыс шешімге алып келуші жолдарды тауып, өзіндік дұрыстығын дәлелдей білу. Осындай сапаларға ие болашақ педагог маман көптеген қиын жағдайларда дұрыс шешім таба алушы, өз соңынан ерте білетін кәсіпкер болады. Ондай маманды тәрбиелеуге педагог – лидер, шығармашыл – педагог, шебер – педагог қауһарлы. Сол себепті болашақ педагог маман боламын деген студент бірінші күннен өз бойында басқарушылық қасиеттерді дамытуы арқылы өзін педагогикалық шеберлік деңгейіне көтеру үшін ұмтылуы қажет. Сол себепті де болашақ педагог мамандардың кәсіби даярлық ерекшеліктерін қарастырып, басқарушылық қабілеттер құрылымдық компоненттерін терең талдау қажеттігі туындайды.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Taylor, F. W.** The Principles of Scientific Management. – N. Y. : Cosimo Classics, 2006. – 88 p.
- 2 **Fayol, H.** Gloucester. General and Industrial Administration. – N. Y. : Martino Fine Books, 2013. – 142 p.
- 3 **Каптерев, П. Ф.** Дидактические очерки. Теория образования // Избр. педагог, соч. – М., 1982. – 710 с.
- 4 **Макаренко, А. С.** Коллектив и воспитание личности. – М. : Педагогика, 1972. – 334 с.
- 5 **Крупская, Н. К.** О юных пионерах. – М. : Изд. АПН РСФСР, 1957.
- 6 **Кирпичева, А. Г.** Педагогические основы деятельности комсомольской организации института по подготовке студентов к воспитательной работе в школе: Автореф. дисс. ... к.п.н. – Минск, 1973. – 22 с.

- 7 **Коротов, В. М.** Самоуправление школьников. 3-е изд. – М. : Просвещение, 1981. – 208 с.
- 8 **Ломова, Л. А.** Формирование профессионально-значимых лидерских качеств будущих учителей музыки: Автореф. дисс. ... к.п.н.: 13.00.08. – Воронеж, 2006. – 21 с.
- 9 **Каракулов, К. Д.** Совершенствование управленческой деятельности директора школы. – Алматы, 1990. – 28 с.
- 10 **Адилгазинов, Г. З.** Подготовка будущего учителя к управлению процессом обучения в малокомплектной школе : автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1994. – 25 с.
- 11 **Абилова, Б. А., Найманбаева, К. К., Султанбаева, Л. У.** Вопросы организации управления образованием в условиях перехода на 12-летнее обучение // Менеджмент в образовании. – 2013. – №2 (69). – С. 9–11.
- 12 **Умирбекова, Ж. Б.** Организационно-педагогические основы менеджмента в образовании в условиях глобализации современного общества : автореф. ... докт. пед. наук. – Атырау, 2010. – 46 с.
- 13 **Жайтапова, А. А.** Вопросы теории и практики управления профессиональным развитием педагогических кадров // Образование. – 2008. – № 5. – С. 106–108.
- 14 **Ильин, Г. Л.** Социология и психология управления: Учебник. – М. : Академия, 2009. – 192 с.

References

- 1 **Taylor, F. W.** The Principles of Scientific Management. – N. Y. : Cosimo Classics, 2006. – 88 p.
- 2 **Fayol H. Gloucester.** General and Industrial Administration. – N. Y. : Martino Fine Books, 2013. – 142 p.
- 3 **Каптерев, П. Ф.** Didakticheskie ocherki. [Didactic sketches. The theory of education]. Teoriya obrazovaniya // Izbr. pedagog, soch. – M., 1982. – 710 p.
- 4 **Makarenko, A. S.** Kollektiv i vospitanie lichnosti. [Team and personality education]. – M. : Pedagogika, 1972. – 334 p.
- 5 **Krupskaya, N. K.** O yunyh pionerah. [About the young pioneers.] – M. : Izd. APN RSFSR, 1957.
- 6 **Kirpicheva, A. G.** Pedagogicheskie osnovy deyatelnosti komsomol'skoj organizacii instituta po podgotovke studentov k vospitatel'noj rabote v shkole: Avtoref. diss. ... k.p.n. [Pedagogical foundations of the activities of the Komsomol organization of the institute to prepare students for educational work at school]. – Minsk, 1973. – 22 p.

7 **Korotov, V. M.** Samoupravlenie shkol'nikov [Self-government of schoolchildren.] 3-e izd. – M. : Prosveshchenie, 1981. – 208 p.

8 **Lomova, L. A.** Formirovanie professional'no-znachimyh liderskih kachestv budushchih uchitelej muzyki: Avtoref. diss.... k.p.n.: [Formation of professionally significant leadership qualities of future music teachers:] 13.00.08. – Voronezh, 2006. – 21 p.

9 **Karakulov, K. D.** Sovershenstvovanie upravlencheskoj deyatel'nosti direktora shkoly. [Improving the management activities of the school director]. – Almaty, 1990. – 28 p.

10 **Adilgazinov, G. Z.** Podgotovka budushchego uchitelya k upravleniyu processom obucheniya v malokomplektnoj shkole : avtoref. ... kand. ped. nauk. [Preparing a future teacher for managing the learning process in a small school]. – Almaty, 1994. – 25 p.

11 **Abilova, B. A., Najmanbaeva, K. K., Sultanbaeva, L. U.** Voprosy organizacii upravleniya obrazovaniem v usloviyah perekhoda na 12-letnee obuchenie // Menedzhment v obrazovanii. [Issues of organizing education management in the context of the transition to 12-year education // Management in education] – 2013. – № 2 (69). – P. 9–11.

12 **Umirbekova, Zh. B.** Organizacionno-pedagogicheskie osnovy menedzhmenta v obrazovanii v usloviyah globalizacii sovremennogo obshchestva : avtoref. dok.ped. nauk [Organizational and pedagogical foundations of management in education in the context of the globalization of modern society]. – Atyrau, 2010. – 46 p.

13 **Zhajtapova, A. A.** Voprosy teorii i praktiki upravleniya professional'nyim razvitiem pedagogicheskikh kadrov // Obrazovanie [Questions of theory and practice of management of professional development of teaching staff] – 2008. – № 5. – P. 106–108.

14 **Ilyin, G. L.** Sociologiya i psihologiya upravleniya: Uchebnik. [Sociology and Psychology of Management]. – M. : Akademiya, 2009. – 192 p.

Материал 28.06.21 баспаға түсті.

*А. Ж. Анесова

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 28.06.21.

ГЕНЕЗИС ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ УПРАВЛЕНЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ БУДУЩИМ УЧИТЕЛЕМ

В данной статье активное вхождение Республики Казахстан в образовательное пространство, являясь одной из главных задач пересмотра подготовки педагогических кадров, ведет к сопряжению с управленческой деятельностью, обеспечивающей ориентацию, организацию, регулирование и контроль педагогического процесса, ориентацию направлений образования. Это было обусловлено тем, что в настоящее время в рамках педагогической деятельности, в стенах школы наиболее необходимым инструментом управления, обеспечивающим системность, целеустремленность, гибкость и результативность. Отечественные и российские ученые, занимающиеся развитием лидерства в студенческой среде, говорят, что соответствующие навыки можно развивать не только вне учебы, но и по разным дисциплинам. Для этого учителя должны иметь эти возможности сами, потому что учителя с управленческими навыками, в свою очередь, в какой-то степени будут «идеальными», «стандартными», ученики смогут организовать деятельность. Для определения актуальности проблемы формирования управленческих навыков необходимо рассмотреть существующую классификацию управленческих навыков будущих учителей. Также следует отметить, что не существует единой классификации управленческих навыков учителя. Приведены классификация и характеристика лидерских качеств, указаны педагогические условия для эффективного формирования лидерских качеств.

Ключевые слова: будущий педагог, педагогическая деятельность, управленческие способности, менеджмент, процесс.

*А. Ж. Анесова

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 28.06.21.

GENESIS OF THE PROBLEM OF FORMING MANAGEMENT ABILITY BY A FUTURE TEACHER

In this article the active entry of the Republic of Kazakhstan into the educational space, being one of the main tasks of the revision of the training

of teachers, leads to interfacing with management activities that provide orientation, organization, regulation and control of the pedagogical process, orientation of educational directions. This was due to the fact that at present, within the framework of pedagogical activity, within the walls of the school, the most necessary management tool that provides consistency, purposefulness, flexibility and effectiveness. Domestic and Russian scientists involved in the development of leadership in the student environment say that the corresponding skills can be developed not only outside of school, but also in different disciplines. For this, teachers must have these opportunities themselves, because teachers with managerial skills, in turn, to some extent will be «ideal», «standard», students will be able to organize activities. To determine the relevance of the problem of forming managerial skills, it is necessary to consider the existing classification of managerial skills of future teachers. It should also be noted that there is no uniform classification of management skills teachers. The classification and characteristics of leadership qualities are given, pedagogical conditions for the effective formation of leadership qualities.

Keywords: future teacher, pedagogical activity, managerial abilities, management, process.

FTAMP 14.35.01

<https://doi.org/10.48081/SDDY4857>

***С. С. Аубакирова, Г. А. Жумабекова, Г. Т. Артыкбаева,
З. С. Искакова, Р. Г. Жаябаева**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

КӘСІПКЕРЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУЫ МЕН РӨЛІ

Бұл мақала ҚР Білім және ғылым министрлігінің қаржыландырылу негізінде жазылды (грант АР09058294)

Бұл мақалада университеттердегі кәсіпкерлік білім берудің дамуы мен рөлі, ерекшеліктері, артықшылықтары мен қажеттілігі қарастырылады. Білім алушылардың кәсіпкерлік ойлау жүйесін қалыптастыруды және жаңа инновациялық, технологиялық жобалар толқынын тудыру қажеттілігі айқындалады.

Шетелдердегі, Ресейдегі және Қазақстандағы кәсіпкерлік білім берудің дамуы, ерекшеліктері сипатталады. Дамыған елдердегі кәсіпкерлік білім берудің тәжірибесі ұсынылады, салыстыру жүргізіледі. Кәсіпкерлік білім беру ұғымына, оның қажеттілігіне тоқталып, нәтижелеріне талдау жасалады. Сонымен қатар кәсіпкерлік білім берудегі стартап академиясының рөлі мен тиімділігі сипатталады. Кәсіпкерлік білім берудегі Торайғыров университетінің дамуы мен рөлі айқындалады. Стартап, жобалық оқытудың негізінде нақты қандай нәтижелерге қол жеткізгендігі қарастырылады.

Университетте стартаптар түрлі салалардағы кез келген идеялармен қатыса алатын жалпы сипаттағы ивенттерден басқа, Академия әскелеген салаларға көңіл бөле бастағандығы және IT саласын дамыту және жалпы цифрландыру тақырыбында IT HUB және Павлодар облысының ИИДМ бірлесіп үш Хакатон өткізілгені сипатталады. IT-технологиялармен байланысты стартаптар: Flappy Brow, сонымен қатар AR-оқыту: «Менің арманым. Startup Bolashak» оқыту процесіне интерактивті форматта қажетті ақпаратты қабылдауға мүмкіндік беретін AR-технологияларын енгізілгені туралы айтылады.

Теруге 28.06.2021 ж. жіберілді. Басуға 12.07.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,84 Мб RAM

Шартты баспа табағы 15,8.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3795

Сдано в набор 28.06.2021 г. Подписано в печать 12.07.2021 г.

Электронное издание

1,84 Мб RAM

Усл.п.л. 15,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3795

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

pedagogic-vestnik.tou.edu.kz